

«Б» корпусы бос әкімшілік мемлекеттік лауазымдарға орналасуға сол мемлекеттік органның мемлекеттік қызметшілері арасында ішкі конкурс туралы хабарландыру

Жалпы конкурс қатысушыларына қойылатын ортақ біліктілік талаптар:

D-O-2 санаты үшін: Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері Министрінің 2015 жылғы 29 желтоқсандағы «Б» корпусы мемлекеттік әкімшілік лауазымдарының санаттарына үлгілік біліктілік талаптар №12 бұйрығына сәйкес, жоғары білім

Санаты	Еңбек сіңірген жылдарына байланысты	
	min	max
D-O-2	163232	220697

***Ескерту: «Б» корпусы әкімшілік мемлекеттік лауазымына орналасуға жалпы конкурс қатысушылары үшін қойылған талап*

«Павлодар облысы денсаулық сақтау басқармасы» ММ-сі 140000 Павлодар қ., Иса Байзақов көш. 151/2, 304 бөлме, анықтама үшін телефоны: 8(7182)67-51-10, e-mail: kense.dz@pavlodar.gov.kz «Б» корпусы бос әкімшілік мемлекеттік лауазымдарға орналасуға сол мемлекеттік органның мемлекеттік қызметшілері арасында ішкі конкурс жариялайды:

**Павлодар облысы денсаулық сақтау басқармасы
басшысының емдеу-алдын алу жұмысы жөніндегі
орынбасары, санаты «D-O-2», (лауазым индексі 1-01-1)**

Функционалдық міндеттері:

Белгіленген заңнама тәртібінде Павлодар облысы денсаулық сақтау басқармасы бөлімдерінің: емдеу-алдын алу жұмысы бөлімі, стратегиялық даму және инновациялық технологиялар бөлімі, персоналды басқару және ұйымдастыру жұмысы бөлімі қызметтерін үйлестіруді жүзеге асыру. Медициналық көмек көрсетуді ұйымдастыру мәселелері бойынша облыстың медициналық ұйымдарына әдістемелік және практикалық көмек көрсету. Құзыреттілігі шегінде жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қарау. Мемлекеттік қызметкерлерді аттестаттау бойынша және облыстың медициналық ұйымдары басшыларын аттестаттау бойынша комиссияларға қатысу. Ересек тұрғындарға көмек көрсету мәселелері бойынша мемлекеттік органдармен өзара әрекеттесу. Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрлігімен бекітілген есептерді бекітілген мерзімде құру және ұсыну жөніндегі жұмыстарды ұйымдастыру. Медициналық жабдықтарды, дәрілік препараттарды алуға өтінімдерді жасау кезінде бөлім қызметтерін үйлестіру. Дәрілермен қамтамасыз етуге бөлінген қаражаттарды иегеруін мониторингілеу. Дәрілік препараттарды және медициналық жабдықтарды алуға конкурстарға қатысу. Балаларға, жүктілерге және жаңа босанғандарға көмек көрсететін ұйымдар мен құрылымдық бөлімшелерді алмағанда, медициналық ұйымдардың қызметтеріне талдау жүргізу. Облыстық денсаулық сақтауды дамытудың Стратегиялық жоспарының жетістік нәтижелерінің индикаторларына талдау жүргізу. Денсаулық сақтаудағы Мемлекеттік бағдарламаларын орындалуын үйлестіру және орындалу нәтижелерін талдау. НҚА емделушіге бағытталған басымдылық жөніндегі шараларды орындау. Ересек тұрғындар арасындағы әлеуметтік-маңызды аурулар бойынша көрсеткіштерді талдау. Облыстың денсаулық сақтау басқармасының алқасын әзірлеу және

өткізу, емдеу-алдын алу Кеңесінің және азаматтардың өтініштері бойынша Қоғамдық кеңесінің жұмыстарын ұйымдастыру. Жатқызу порталы, балалар және босанну ұйымдарындағы тіркелінген тұрғындардың тіркелімі қызметтерін талдау. АМСК тарифіне ынталандыру компоненті қаражатын бөлу кезінде оқу-әдістемелік көмек. Жаңа технологияларды, диагностикалау, емдеу және алдын алу аясында заманауи медициналық ғылымдардың жетістіктерін енгізу. Науқастарға кеңестік көмек көрсету үшін Қазақстан Республикасының жетекші мамандарымен заманауи телемедицина байланысын ұйымдастыру, консилиумдарды ұйымдастыру. Республикалық клиникалардың кеңесшілерді шақырту. Кеңес қызметін бақылау. Кіріс құжаттарын тіркеу және оларды уақытылы орындалуына мониторинг жүргізу. Павлодар облысы денсаулық сақтау басқармасында атқарушылық тәртібінің сақталуын бақылау.

Конкурсқа қатысушыға қойылатын талаптар:

Білімі жоғары: денсаулық сақтау және әлеуметтік қамтамасыз ету (қоғамдық денсаулық сақтау, медициналық-алдын алу ісі, жалпы медицина) әлеуметтік ғылым аясында, экономика және бизнес (менеджмент, мемлекеттік және жергілікті басқару).

Осы санаттағы лауазымдар бойынша функционалдық міндеттерді орындау үшін білім қажет. Мынадай құзыреттердің бар болуы: бастамалық, адамдармен тіл табысуы, аналитикалық, ұйымдастырушылық, әдептілік, сапаға бағдарлану, тұтынушыға бағдарлану, сыбайлас жемқорлыққа төзбеушілік.

Жұмыс тәжірибесі келесі талаптардың біріне сәйкес болуы тиіс:

1) мемлекеттік қызмет өтілі үш жылдан немесе осы санаттағы нақты лауазымның функционалдық бағыттарына сәйкес салаларда жұмыс өтілі төрт жылдан кем емес, оның ішінде мемлекеттік органның штат кестесінде көзделген келесі төменгі санаттағы лауазымдарда немесе А-3, В-3, С-3, С-О-3, С-Р-1, D-3, D-О-3, Е-2, Е-Р-1 санаттарынан төмен емес лауазымдарда немесе «А» корпусының мемлекеттік әкімшілік лауазымдарында не саяси лауазымдарда бір жылдан кем емес;

2) мемлекеттік қызмет өтілі төрт жылдан кем емес, оның ішінде орталық немесе облыстық деңгейдегі құқық қорғау немесе арнайы мемлекеттік органдардың орта басшы құрамындағы лауазымдарда екі жылдан кем емес;

3) жоғары оқу орындарынан кейінгі білім бағдарламалары бойынша Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы білім беру ұйымдарында мемлекеттік тапсырыс негізінде немесе шетелдің жоғары оқу орындарында Шетелде кадрлар даярлау жөніндегі республикалық комиссия бекітетін басым мамандықтар бойынша оқуды аяқтаған жағдайда мемлекеттік қызмет өтілі мемлекеттік органның штат кестесінде көзделген келесі төменгі санаттағы лауазымдарда немесе А-3, В-3, С-3, С-О-3, С-Р-1, D-3, D-О-3, Е-2, Е-Р-1 санаттарынан төмен емес лауазымдарда немесе «А» корпусының мемлекеттік әкімшілік лауазымдарында не саяси лауазымдарда бір жылдан кем емес немесе ғылыми дәрежесінің болуы;

4) осы санаттағы нақты лауазымның функционалдық бағыттарына сәйкес салаларда жұмыс өтілі төрт жылдан кем емес, оның ішінде басшылық лауазымдарда бір жылдан кем емес.

Тиісті санат үшін мемлекеттік әкімшілік лауазымдарына орналасуға кандидаттардың мемлекеттік қызмет істері жөніндегі уәкілетті органмен анықталатын тестілеу бағдарламасына сәйкес Қазақстан Республикасының заңнамасын білу талаптары; «Қазақстан - 2050» Стратегиясын: қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты, нақты лауазымның мамандануына сәйкес салалардағы қатынастарды реттейтін Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерін білуі талаптары.

Ішкі конкурсқа қатысу үшін мынадай құжаттар тапсырылады:

- 1) Бекітілген нысандағы өтініш;
- 2) тиісті персоналды басқару қызметімен расталған қызметтік тізім.

Құжаттарды қабылдау конкурс өткізу туралы хабарландыру соңғы жарияланған күнінен бастап 5 жұмыс күннің ішінде жүргізіледі.

Ішкі конкурсқа қатысуға ниет білдірген азаматтар конкурс өткізетін мемлекеттік органға құжаттарын қолма-қол тәртіпте, почта арқылы не хабарландыруда көрсетілген электрондық почта мекенжайына электронды түрде не «Е-gov» электронды Үкімет порталы арқылы құжаттарды қабылдау мерзімінде тапсырады.

Конкурсқа қатысу үшін құжаттарды электронды түрде электрондық почта не «Е-gov» электронды Үкімет порталы арқылы берілген жағдайда азаматтар құжаттардың түпнұсқасын әңгімелесу басталғанға дейін бір сағат бұрын кешіктірілмей береді. Оларды бермеген жағдайда тұлға конкурс комиссиясымен әңгімелесуден өтуге жіберілмейді.

Конкурс комиссиясы жұмысының дұрыстығы мен объективті болуын қамтамасыз ету үшін, отырысқа байқаушыларды және сарапшыларды қатыстыруға жол беріледі. Конкурс комиссиясының отырысына байқаушылар ретінде Қазақстан Республикасы Парламентінің және барлық деңгейдегі мәслихат депутаттарының, Қазақстан Республикасы заңнамасында белгіленген тәртіпте аккредиттелген бұқаралық ақпарат құралдарының, басқа мемлекеттік органдардың, қоғамдық бірлестіктердің (үкіметтік емес ұйымдардың), коммерциялық ұйымдардың және саяси партиялардың өкілдері, уәкілетті органның қызметкерлері қатыса алады.

Сарапшылар конкурстық комиссия отырысына мемлекеттік органның басшысымен тұлғаның келісімі бойынша қатысуға жіберіледі. Сарапшы ретінде конкурс жариялаған мемлекеттік органның қызметкері болып табылмайтын, бос лауазымның функционалдық бағыттарына сәйкес облыстарда жұмыс тәжірибесі бар тұлғалар, сонымен қатар ғылыми салада, сондай-ақ персоналды іріктеу және жоғарылату бойынша мамандар, басқа мемлекеттік органдардың мемлекеттік қызметшілері, Қазақстан Республикасының Парламент және мәслихат депутаттары қатыса алады.

Әңгімелесуге жіберілгендері туралы хабарланған соң бес жұмыс күні ішінде әңгімелесуге жіберілген үміткерлер оны «Павлодар облысы денсаулық сақтау басқармасы» ММ-де өтеді.

Конкурсқа қатысушылар мен кандидаттар уәкілетті органға немесе оның аумақтық бөлімшесіне, не Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес сот тәртібінде конкурс комиссиясының шешіміне шағымдана алады.